



Сыр бойы

№22 (20296)



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

10 ақпан, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/


www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

СУБЕЛІ СӨЗ

- Сөз сағасы – құлақ, Су сағасы – бұлақ.
- Су бергеннің сауабы бар, Су төккеннің жауабы бар.
- Ағын су жолын табады, Ақ адам оның табады.



Ресейге жұмыс сапары

«10-11 ақпанда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путиннің шақыруымен Ресей Федерациясына қысқамерзімді жұмыс сапарымен барды» деп жазды Президенттің Баспасөз хатшысы Берік Уәли өзінің Facebook парақшасында.

Сондай-ақ «10 ақпанда Мәскеуде Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинмен келіссөз жүргізді. Кездесу барысында мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Ресей арасындағы қолжаңғы стратегиялық серіктестіктің даму перспективаларын қарастырды.

11 ақпан күні Мемлекет басшысы Қазан қаласында Татарстан Президенті Рустам Миннихановпен кездеседі және республикадағы бірқатар ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды аралап көреді» делінген жазбада.

Парламент дипломатиясының ролі

Мемлекет басшысы Өзбекстанның Олий Мәжілісі Заң шығару палатасының төрағасын қабылдады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Республикасының Олий Мәжілісі Заң шығару палатасының төрағасы Нурдинжон Исмоиловқа ілтипат білдіре отырып, елдеріміз достық пен тату көршілікке, ортақ мәдени құндылықтарға негізделген, мемлекетаралық ынтымақтастықтың үлгісі болатын берік әрі үйлесімді қатынастар орнатқанын атап өтті.

Қазақстан Президенті өткен жылдың желтоқсан айында Шавкат Мирзиёевтің елімізге жасаған мемлекеттік сапарын жоғары бағалады. Сол сапар қазақ-өзбек ынтымақтастығын одақтастық деңгейіне көтеруге негіз болған.

Өзбекстан – Қазақстан үшін бауырлас, серіктес ел. Сондықтан екі ел арасындағы өзара қарым-қатынастарды дамытуға баса мән береміз. Біздің одақтас қатынастарымыз кең ауқымды және саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстарды қамтиды. Осы ретте парламент дипломатиясы ерекше рөл атқарады, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Нурдинжон Исмоилов Қасым-Жомарт Тоқаевқа кездесуге уақыт бөлені үшін алғыс білдіріп, Өзбекстан Президентінің ізгі тілегі мен сәлемін жеткізді.

ПАРЛАМЕНТ

Келісімге қол қойды

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов пен Қазақстанға ресми сапармен келген Өзбекстанның Олий Мәжілісі Заң шығару палатасының Спикері Нурдинжон Исмоилов Парламентаралық ынтымақтастық кеңесін құру туралы Келісімге қол қойды.

Жаңа құрылған Кеңес біздің мемлекеттеріміздің ықпалдастығына тиім серпін беретінін, қол жеткен табыстарымызды одан ары тереңдетіп, Президенттеріміздің барлық сала бойынша келісімдерін тиімді жүзеге асыруға, заманалық ынтымақтастықты күшейтуге жаңа жол ашатынын атап өтті. Өз кезегінде мәртебелі мейман бұл келісім арқылы екі елдің, соның ішінде, парламенттер арасындағы ынтымақтастықты дамытудың жаңа кезеңі басталғанын, заң шығарушы органдар мемлекет басшыларының келісімдерін жүзеге асыру үшін бар күш-жігерлерін арнайының жеткізді.

Биыл қос мемлекет арасында дипломатиялық қатынастың орнағанына тура 30 жыл толады. Бүгінде Өзбекстан Қазақстанның ірі экономикалық әріптесі саналады. Қазақстанда өзбек капиталының қатысуымен мыңнан астам бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Сондай-ақ, көлік-логистика, құрылыс, транзит және туризм басқа да салаларда әріптестік әлеуеті жоғары. Кездесу барысында Ерлан Қошанов Қазақстан Президентінің атынан Нурдинжон Исмоиловқа бауырлас халықтар арасындағы ынтымақтастық пен достықты нығайтуға қосқан зор үлесі үшін II «Достық» орденін табыс етті.

ЕНДІГІ БАСЫМДЫҚ – БӘСЕКЕГЕ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ЭКОНОМИКА ҚАЛЫПТАСТЫРУ



Сейсенбіде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен бейнебайланыс режимінде Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиналған Премьер-Министр Әліхан Смайылов, Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің Басшысы Мұрат Нұртілеу, Үкімет мүшелері, облыстар мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Мемлекет басшысы жинада сөйлеген сөзінде еліміздің бытырғы әлеуметтік-экономикалық дамуы қорытындыланып, биылғы жоспардың талқыланып отырып отыр.

– Өткен жылы ел экономикасы 4 пайызға өсті. Өңдеу өнеркәсібі 5,5, құрылыс индустриясы 7,6 пайызға артты. Қызмет көрсету саласында оң үрдіс бар. Сауда-саттық 9,2,

көлік саласы 3,6 пайызға артты. Дегенмен, инфляция межелі деңгейден асып кетті. Бұл көрсеткіш 8,4 пайыз болды. Өкінішке қарай, қаңтар оқиғалары қалыпты өмірімізді түбегейлі өзгертті. Заңсыз әрекеттердің салдарынан көптеген азаматтарымыз зардап шекті. Шағын және орта бизнес өкілдері шығынға ұшырады. Қазіргі мәліметтер бойынша бизнеске 100 миллиардтан астам теңге көлемінде залал келді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің пандемияға, іскерлік белсенділіктің төмендеуіне және ұлттық

қауіпсіздікке төнген сын-қатерлерге байланысты күрделі кезеңді бастан өткеріп отырғанына назар аударды. – Біз осындай қиын жағдайда ел бірлігінің арқасында мемлекетіміздің қауіпсіздігін, тіпті де тұтастығын сақтап қалдық. Қазір Үкіметтің басты міндеті – халықтың әл-ауқатын арттыру, азаматтардың табысындағы алаштықты азайту және еңбек етуге қолайлы жұмыс орындарын ашу. Бәріміз елдің игілігі үшін қызмет етуге тиіспіз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, халықтың табысын арттыру және теңсіздікті азайту – басым міндеттің бірі.

– Қазіргі таңда 1 миллионға жуық адамның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне де жетпейді. Бұл – сонғы 10 жылдағы ең нашар көрсеткіш. Қазіргі уақытта менің тапсырмам бойынша Халықтың табысын арттыруға арналған бағдарлама әзірленіп жатыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы инфляцияны ауыздықтау мәселесін екінші міндет ретінде атады.

– Сауда-саттықтағы тиімсіз делдалдыққа тоқтау салатын кез келді. Мысалы, 3 миллион адам тұратын Алматы қаласы мен оның төңірегінде елді мекен тұрғындары тұтыну тауарларын көбіне «Алтын орда» базарынан алады. Алматы облысы мен Алматы қаласының әкімдеріне Үкіметпен бірлесіп, базарды тексеруді және тәртіп орнатуды тапсырамын. Бұл жер пайдауәнемдер үшін нағыз майшелпекке айналған. Бұған Алматыдағы қаңтар оқиғасы кезінде анық көз жеткіздік. Бұл – басқа өңірлерге де қатысты мәселе. Қажет болса, бұл жұмысқа құқық қорғау органдары атсалысын. Екі ай уақыт беремін, – деді Президент.

2-бет

● Өңір өнімі

«ТҰРАНЫҢ» ТАРТУЫ

Арал ауданында тек балық өнімдері ғана емес, құрылысқа қажетті заттар да шыға бастады. Жобаның қолға алған жеке кәсіпкер Асхат Алдабергенов. Ол мемлекеттік бағдарлама арқылы қайтарымсыз грантпен 2 млн теңге ұтқан. Ал қосымша қаржыны өз қалтасынан күйіпті. Қазіргі таңда арзан бағадағы сапалы өнім сатылымға шығып үлгерген.

СБ Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

– Бастама 3 жылдан бері ойымда жүрген. Біздің өңір құрылыс заттарын өзге аймақтан тасиды. Неге сырттан әкелмей-ақ өз ауданымызда мұндай қажет дүниені шығармасқа?! Сондай ынта-жігермен бастап кеттік. Қазір өзіміз жиі қолданатын кәдімгі кафельді жапсыруға арналған құрғақ коспа, яғни, желім дайындаймыз. Украиндық құрылыс орналасқан шағын шехта күніге 10-12 тоннаға дейін өнім шығарылады. Тапсырыс түссе, одан да көп мөлшерде өндіреміз. Ал аймаққа «Туран» есімі тән болғандықтан, өнімге

Арал ауданы



Бүгінде өңірде жылына 13,8 мың тонна құс етіне сұраныс бар. Әзірге болжам бойынша аталған қажеттіліктің 34 тоннасын ғана облыста өндіреміз. Қалған бөлігіне өзге аймақтарға тәуелдіміз. Ендігі кезекте сол облыстың орнын толтыруға көңіл бөлінуде. Осы мақсатта облыста Индустрияландыру бағдарламасына енгізілген 2 құс фабрикасының құрылысы жүргізілуде. Аталған фабрикалар іске қосылғаннан кейін құс етіне деген сұраныстың 36,7 процентін жергілікті жерде өндіруге болады.

СБ Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

ҚҰС ЕТІНЕ СҰРАНЫС КӨП

Солардың бірі – Жаңақорған ауданындағы «Абдулла» шаруа қожалығының құс фермасы. Жобаның құны – 5 млрд теңге. Жалпы, Индустрияландыру бағдарламасының басым бағытының бірі ретінде тамақ өнеркәсібі қарастырылады. Сондықтан аталған жоба өткен жылдың 17 наурызында өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасына енгізілді.

– Біздің негізгі бағытымыз – құс етіні өндіру. Келешекте жылына 3,5 мың тонна құс етін өндіру жоспарда бар. Осы мақсатта былтыр құс фермасының құрылысын қолға алдық. Жобаның құны 5 млрд теңгені құрайды. Қазірге дейін цехтың негізгі құрылысының 70 процентке жуығы орындалды. Жобаға мемлекеттік қолдау жасалуда. Осы мақсатта Жаңақорған ауданына қарасты Жайылма ауылы аумағынан 1000 гектар жер телімі берілді, – деді «Абдулла» шаруа қожалығының төрағасы Әбілхан Тәжімбетов.

Құс фабрикасына қажетті құрал-жабдықтар Германиядан жеткізілуде. Жоба толық қуаттылыққа шыққанға дейінгі жұртшылық арасынан 120-150 адам тұрақты жұмысқа қабылданады деп күтілуде. Алғашқыда өндірісті жүргізу бойынша тәжірибелі мамандар Алматы қаласынан

алдырылады. Олардың ықпалымен аудан азаматтарын мамандандыру ойластырылған. – Өріне, қалдықсыз өнім шығару – басты мақсатымыз. Ол үшін тиісті жоспар жасалған. Мәселен, құс мамығынан түрлі өнімдер дайындауға болатынын бәріміз білеміз. Осы бағытта тиісті кәсіпорындармен жұмыс жүргізіледі. Оған қоса құс азығын дайындау ісіне де көңіл бөлінуді, – дейді шаруа қожалығының төрағасы.

Облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереевтің айтуынша, қажетті инженерлік инфрақұрылымдар «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүргізілуде. Тиісті құжаттар әзірленіп болғаннан кейін ол облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасына жолданады. Нәтижесінде бағдарлама реттілігімен жұмыстар жүргізіліп, инфрақұрылымдар жыл аяғына дейін тартылады.

Осындай тағы бір жоба – Қармақшы ауданындағы «Қармақшы-құс» серіктестігінің құс фабрикасы құрылысы 95 процентке жуығы аяқталып тұр. Бұл жобаның құны – 1,9 млрд теңге. Онда 47 адам еңбекпен қамтылады.



ОБЛЫС ӘКІМІ СУ МӘСЕЛЕСІН КӨТЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында ел экономикасының тұрақты түрде дамыту халықтың әл-ауқатын көтеру тұрғысында нақты тапсырмалар берілді.

Кеңейтілген отырыста бірқатар облыстың әкімдері өңірлерді дамыту мәселелерін қозғайды. Облыс басшысы Гүлшара Әбдіқалықова қысқаша жыл қорытындысын баяндай келе, 2 өзекті мәселені тоқталды. Атап айтқанда, Сырдария өзені деңгейінің төмендеуі мен мұнай қорының сарқылуына байланысты маңызды жайттарды Президент назарына ұсынды.

Облыс әкімі вегетациялық кезең күрделі су тапшылығы жағдайында өтіп жатқанын тілге тиек етіп, «Шардара» қоймасына қосымша 2 млрд текше метр су түсірілетін жағдайда қысқарған күрші егісі көлемінің өзін сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік болмайтынын алға тартты. Бұл ретте, Үкімет тарапымен су тапшылығының алдын алу шараларын бірлесіп қарау керектігін жеткізді.

Қазіргі таңда «Шардара» су қоймасына жиналған су өткен жылдан 1 млрд текше метрге аз. Ал, «Көксарай» су реттегішіне судың мүлдем жиналмайтынын қауіп бар. Сондықтан шаруалар вегетациялық кезеңде суды үнемдеу жолдарына көшеді. Суды аз қажет ететін малазықтық майлы дақылдар және картоп, көкөніс пен бақша дақылдарын етуге мән беріледі.

Айту керек, Сырдария өзенінің төменгі ағысына босатылатын су деңгейін ұлғайту мәселесі Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан мемлекеттерімен бірге келіссөздерде талқыланатын болады.

Президент өңір үшін аса маңызды негізгі мәселелер арнайы қаралатынын жеткізді.

БІРЛЕСКЕН ІС-ШАРАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеше Ташкент қаласында ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі С.Брекешев Өзбекстан Республикасының Су шаруашылығы министрі Ш.Хамраевпен кездесу өткізді. Кездесуде Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысындағы су жағдайын жақсарту бойынша бірлескен іс-шаралар талқыланды.



Нәтижесінде «Шардара» қоймасына құйылатын суды арттыру және мемлекетаралық «Достық» каналы арқылы суды тұрақты беру бойынша бірлескен шаралар қабылдау туралы келісімдерге қол жеткізілді. Сонымен қатар, Қазақстан мен Өзбекстан Республикасының Үкіметтері арасындағы трансшекаралық су объектілерін бірлесіп басқару және пайдалану туралы келісімге қол қою мәселелері талқыланды. Тараптар жобаны келісу бойынша рәсімдерді жеделдетуге ниет білдірді. Екі елдің Премьер-министрлері деңгейінде су қатынастары саласындағы ынтымақтастық жөніндегі екіжақты комиссия құру мәселелері қаралды.

Бұдан бөлек, тараптар Орталық Азия су-энергетикалық консорциумын құру және ГЭС құрылысына қатысу мәселелері бойынша консультациялар жүргізді.



● М.МАҚАТАЕВ – 191



Мұқағалимен мұңдасу

Көңіліміз сәуір айы бүр жарған, Өміріміз сарыуайым, мұң қалған.

Тілегіммен тірнектеліп тірлігім, Жүрегіммен көтерістім жыр жүгім.

Сол ызғары тұр бүгінгі көрінде, Біздің күннің біраз сыр бар мөнінде.

Тіс көрсетіп заманымның қақпаны, Тіл аузында дәмсіз сөзді жаттады.

Былайғыға жылауықпын қарадай, Көшке қалам кейде жарамай.

Сан ғасырға сәуде төгер сыр анық, Сенін тұрған тұғыры тас, тым алып.

Көңіліміз сәуір айы бүр жарған, Өміріміз сарыуайым, мұң қалған.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ

● КӨРМЕ

Бояулар сыр шерткенде

Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, суретші-кескіндемешілер Баймағамбет Есіркепов пен Аралбай Ордабаевты еске алуға арналған шығармашылық көрме өтті.

Сб Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

Қылқалам шеберлерінің туындысын тамашалауға зиялы қауым өкілдері, өнер иелерінің туыстары, мәдениет саласының қызметкерлері, студенттер қатысты.

Халқымыз «Жақсы салынған суретте, көп сөздің түйіні бар» немесе «Жүз рет естігенше, бір рет көзбен көрген абзал» деп сурет өнерінің маңызына үлкен баға берген.

Көрмеге Баймағамбет Есіркеповтың ұрпақтарының қолында сақтаулы тұрған туындылары мен С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы қорындағы Аралбай Ордабаевтың 50-ге жуық еңбегі қойылды.

Баймағамбет Есіркепов – суретші, «Жұрмет белгісі» орденінің иегері. Талант иесі шығармаларында түйсігі арқылы сезінген өмір құбылыстарын көркем бейнелеген.



Аралбай Ордабаев «Әже» картинасы



Баймағамбет Есіркепов «Ана» картинасы

көрсетіп жатқан сәті көрініс тапқан. Ақын Бекұзақ Тәңірбергеновтің «Аралдың табанынан су кеткенмен, халқының жүрегін жыр кеткен жоқ» деген өлең жолдарындағыдай тіршіліктің қайта жалғасуын әсем суреттеген.

Аралбай Ордабаев – Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, көркем бейнелеуде өзіне тән ерекше қолтаңбасы бар талант иесі.

одағында кәсіподақ төрағасы қызметін қоса атқарған. Облыстың рухани дамуына өзіндік үлесін қосқан ол республикалық және халықаралық көрмелерге қатысқан.



● ТАНЫМ

ДУЭЛЬ немесе АҚЫН ТАҒДЫРЫ

Антипоэзия деген ұғым бар. Адамзаттың алғашқы ақынымен бірге туып, әлі күнге дейін шайтанның шалғайынан тартып, шайтанның ұрлауымен келеді.

Қай кезеңде болмасын арамзалар арлы ақын атаулының соңына заңын да, жарын да салып, жанын тыныш қоймаған. «Еліне даусын жеткізбей, – Ауызы мен мұрнын тығындап, – Сыртынан сұмдар сыбырлап» қаншама бірегейлер мен телегейлер өтті.

1837 жылдың 8 ақпанында Санкт-Петербург маңындағы «Черная речка» аталатын жерде дуэль өтті. Ол жер атыс үшін өте қолайлы болатын. Ондағы саяжай ауылы қыста қанырап бос қалатын.



белгіге дейінгі кез келген қашықтықтан оқ атуға рұқсат берілген.

Карсыластардың бірі межелі жерден бір қадам алыс тұрып, оқ атып, екіншісінің ішінен жаралады. Жерде жатып оқ атқан екіншісі карсыласының кеудесін жауып тұрған қолына тигізді.

Дуэльге 1837 жылдың басында Джордж Дантес пен ақынның жауы Наталья Гончароваға қатысты өсек-аяң, жанжалдар мен Пушкинге келіп түскен намысын қорлайтын хаттар себеп болды.

уақытқа созылған әңгімелерге нүкте қойды.

Пушкин өмірінде бірнеше рет дуэльге шыққан. Оның үшеуі жеке-жеке аяқталды. Үшінші және соңғысы – Дантеспен жеке-жеке. Ол уақытта дуэльге тыйым салынғандықтан, ақынның достары оған қарсы болған.

«Черная речкадағы» дуэlden соң Пушкин император І Николаймен хат алмақсан. Ақын мәселені атыс арқылы шешуге тыйым ережесін бұзғаны үшін кешірім сұрап, секундтанты Дантесті жазаламауды өтінді.

балаларын өз қамқорлығына алуға уәде берген.

Ұлы ақын 10 ақпан күні өмірден өтті. Псков губерниясындағы Святогорск шіркеуінде, анасының жанында жерленген. Ал, дуэльге қатыстылардың барлығы сотқа тартылды.

Ақынның шығармашылығы мен өмірі Ресей мәдениетінің басты байлығы болып қала берді. Туған және қайтыс болған күндері кенінен аталып өтеді. Сол бір орыс мәдениеті үшін қасіретті күннен кейін дуэль оқиғасына қатысты көп зерттеулер жүргізілгені сонша, бүгінде әр сағаты, минуты туралы мол деректер жинақталған.

Пушкин император І Николаймен хат алмақсан. Ақын мәселені атыс арқылы шешуге тыйым ережесін бұзғаны үшін кешірім сұрап, секундтанты Дантесті жазаламауды өтінді.

Рүстем АЙБОЛАТ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

Аңқылдаған жан едің...

Пенденің мына жарық дүниеде ұзақ немесе қысқа ғұмыр кешкені маңызды емес. Ол адамның бұл пәніде не тындырғаны, артында қалдырған ізгі қасиеттері, адамгершілігі, досқа адалдығы, үлкенді құрметтеп, кішіге қамқор болуымен есте қалатыны шындық.



Сондай жан-дандың бірі де бірегейі менен мүшел жастан да кіші туған нағашымның ұлы Жағыппар Қалмағанбетұлы 2022 жылдың 9 қаңтар күні 65 жасында дүниеден озды.

Соғыстан аман оралған әжесінің сағиным, аңсап сүйген ұлы болды. Есімін ырымдап, діндар кісінің атын қойған еді. Әжесі жалғыз ұлым демеі еңбекке ерте баулып, адал, таза жүруге бейімдеп өсірді.

Ұлының ерте үйленгені, немере сүйсем деген ойын баласының есіне жиі салатын-ды. Жасым болса ұлғайып қалды деп асыға күткен-ау жарықтық әжесі. Жағыппар да Отан алдындағы бозырып өтеп, әке арманын орындап өзі сүйген қызы Динаға үйленді.

күте білетін, ата-енеге құрметпен қарайтын адал келін бола білді. Жоғары білімді педагог. Үбірлі-шүбірлі 2 ұл, 2 қызды болды. Балалары өзі сияқты парасатты, жоғары білімді бір-бір мамандық иелері. Ұлдары ұяда, қыздары қияда, кәдірлі құда-құлағи атанды.

Мәркүм Жағыппар Қалмағанбетұлының қонақасы 2022 жылдың 18 ақпан күні сағат 17.00-де, қыркы 19 ақпан күні сағат 12.00-де Қызылорда қаласы, Қазақстан көшесі (Коммунизм) №84 үйде берлетінін барша жамағатқа хабарлаймыз.

Еске алушылар: жиен апасы Алтын Рысәулетқызы, зайыбы және балалары

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 29.04.2021 жылғы №4360-21-00-2/584 санды шешімі негізінде, Сырдария ауданы, С.Сейфуллин ауылы «С.Сейфуллин Жер» ЖШС-ның кенсе ғимаратында 05.03.2022 жылы сағат 15.00-де «С.Сейфуллин Жер» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетіні хабарланады.



Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҒҒАРБАЕВ

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.